

относят себя ни к одной вере и зачастую гордятся приверженностью светским, научным взглядам на мир. Атеист может критически относиться к религиозным институтам, не принимать участие религиозных праздниках, но активно общаться с верующими людьми, совместно трудиться, уважительно относиться к их волеизъявлению – и это тоже становится частью культурного облика общества.

Вера (или неверие) сильно влияет на мировоззрение, нормы поведения, праздники, обыденные практики – словом, на культуру человека. Казахстан – отличный пример общества, где религиозный фактор исторически обрел определенное значение, но одновременно из-за советского прошлого велик и пласт светской культуры. Сформировалось общество в котором есть люди глубоко верующие, люди умеренно религиозные (культурные верующие) и люди нерелигиозные. Для каждого из них их убеждения – часть их идентичности. Причём религиозная идентичность часто связана с этнической, а атеистическая – с наследием советской интеллигенции. Оба типа мировоззренческой идентичности – религиозная и секулярная – являются легитимными и уважаемыми в нашем обществе, что подкреплено принципом светскости государства.

Важно подчеркнуть, что и религиозная, и атеистическая самоидентификация – это именно элементы культурной идентичности. Они не существуют в вакууме, а тесно переплетены с другими аспектами.

Казахстан – светское государство. Это означает, что на официальном уровне никому не навязываются религиозные нормы, все конфессии равны перед законом, и каждый гражданин свободен исповедовать любую религию или не исповедовать никакой. Светский характер государства – важнейшая основа для мирного сосуществования разных идентичностей. Светскость даёт возможность людям быть разными (верующими или неверующими), оставаясь при этом единими гражданами одной страны.

Складывающаяся общекультурная идентичность казахстанцев, включающую в себя множество аспектов, что демонстрирует общую культурную мозаику современного Казахстана.

Список использованной литературы:

1. Зиммель Г. Избранное. Т. 1. Философия культуры, пер. с нем. - М., 1996. 671 с.
2. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис: Пер. с англ. / Общ. ред. и предисловие Толстых А. В. — М.: Издательская группа «Прогресс», 1996, - 344с.
3. Ефлова М. Ю., Гимадеева Д. Р. Конструирование религиозной идентичности в поликультурном обществе: социальные детерминанты. Ученые записки Казанского университета. – Вып. № 6. -Т. 155. – 2013. – С. 15-22.

ӘОЖ 1.17.023.32

ҰЛТ ҰСТАЗЫ АМАНГЕЛДІ АЙТАЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ешниязова Айнұр Чапайқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

8D03104 - Мәдениеттану ББ PhD докторанты, Астана, Қазақстан

Посткеңестік кезеңнен кейін еліміз егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптаса бастаған тұста ұлттық мүддені қорғап, ел үмітін арқалаған, ұлттық бірегейлік мәселесін көтерген халық жаңашыры, ұлттанушы Амангелді Айталының еңбектерінде ғылым және білім, мемлекеттік тіл және дін, ұлт, ұлтшілік мәселесі, рулық, жүздік, ұлтаралық қарым-қатынас, қандастар, диаспора, шетелдегі этникалық қазақтардың тағдыры сияқты өзекті мәселелер талқыланады. Ғалым 1998-2006 жылдары Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде философия мамандығының ашылуына өз септігін тигізіп, Батыс өңірінде алғаш рет қазақ философиясының қалыптасуына өз үлесін қосты.

Философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Әлеуметтік ғылым академиясының академигі Айталы Амангелді Әбдірахманұлының бастамасымен батыс өңірінде алғаш рет 1998 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде тарих факультетінің құрамынан бүгінгі таңда білімі мен біліктілігі бағаланатын елуге жуық философ мамандар даярланды.

Батыс өңіріндегі алғаш философиялық мектептің қалыптасуына және жас ғалымдардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік еткен ғалымдарымыз философия ғылымдарының докторлары,

профессор Т.Рысқалиев, Ә.Асаров, А.Тайжанов және ф.ғ.к., профессор А.Мұхамбетжан, М.Габдсаттарова, Б.Қожамұратов және т.б ғалымдар өз үлестерін қосты. Сол жылдары Амангелді Айталының академиялық дәрежесінің арқасында қосымша «Әлеуметтік философия» мамандығы бойынша аспирантура ашылып қазіргі таңда шәкірттері еліміздің жоғары оқу орындарында оқытушылық қызмет атқарып жүр.

Осы кезең аралығында профессор Амангелді Айталы азаматтық ұстанымымен, тұлғалық қасиетімен, ұлттық болмысымен, кәсіби философиялық білімі және өткір пікірлерімен қоғамда ерекше орын алды.

Батыс өңіріндегі философтар қауымдастығы жас мамандардың ұлттық болмысын сақтап болашаққа толық сеніммен қарауы үшін мүмкіндік беріп, рухани мәдени құндылықтарды бойларына сіңіріп қазақ философиясына деген көзқарастарын қалыптастырды. 1998-2006 жылдар аралығында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетін тәмамдаған жас мамандарға «философ» деген біліктілік берілді. Әрине «философ» пен «философия пәнінің оқытушысы» қоғамда талқыланатын мәселе. Бұл мектептің ашылуы және батыс өңіріне философ мамандардың дайындалуы Қазақстандық философиялық ғылыми ортаның толығына және дамуына өз үлесін қосты.

Академик Амангелді Айталы бір сұхбатында мынадай пікір білдіреді: - Тек «философ» сөзін алайық. Кімді философ деп атауға болады? Бұл оңай мәселе емес. Философтар мен философия оқытушыларын, осы саладағы ғылыми қызметкерлерді нақты ажырату қажет. Мысалы, жазушы бар және оның шығармашылығын зерттейтін әдебиеттанушылар бар. Философиядағы ұқсас сурет. Бүгінде «философтар» өз ақшасына кітап басып шығарады. Сонғы уақытқа дейін философия ғылымдарының кандидаты, доктор дәрежесін алу қиын болған жоқ. Сондықтан мұғалімдерге, ғалымдарға деген көзқарас әрқашан құрметті бола бермейді. Бірақ бір нәрсе анық: «Мен ең жақсы жағдайда философия пәнінің оқытушысымын. Менің жетістіктерім қарапайым, мен адамдарға білім беруге тырысамын, ғылыми шығармалар жазамын» [1].

Ғалым тұлғасы: өмірбаяндық шолу

Кеңестік заманының ауыспалы қиын кезеңінде дүниеге келген Амангелді Айталының өмірі мен қызметі зерттеу жұмысымыздың бір бөлімі ретінде көрсетіледі. Тәуелсіздікке ие болған жылдардан бастап өз халқының саяси қалыптасуының негізін салған кемеңгер тұлға болды. Деректерге сүйенсек 1920 жылы Ресей Федерациясында шекаралар анықталып бекітілген тұста Ресей жағында қалып қойған қазақтар қоныстанған Астрахань жерінде 1939 жылы Бозан өзенінің бойында қоныстанған балықшы ауылдарының бірі Торсық ауылында балықшы отбасында дүниеге келген. Көрнекті жазушы, сол елдің тумасы Әнес Сарай қазақ ауылдарының тұрмысы мен өмірін өз шығармаларында сипаттап береді.

Амангелді Әбдірахманұлының ғалым болып қалыптасуына үлкен себепкер болған сол қазақ ауылынан шыққан беделді тұлғалар Мұхамбетқали Сужиков (1910-1999), Исағали Шәріпов (1905-1976), Тамас Айтмұхамбетов (13 желтоқсан 1939), Нәжмедін Есқалиев (5 қыркүйек 1941) болды.

Мектеп қабырғасын үздік бітірген оқушы (А.Айталы) мектеп директоры әрі ұстазы Хамат Қашқынбаевтың көрсеткен бағытымен 1957 жылы Володар ауданының орталығында орналасқан Володаровқадағы педагогикалық училищеге оқуға түседі. Оқуын аяқтағасын өзінің алған білімі мен тәрбиесінің нәтижесінде Қызылтаң елді мекеніндегі орта арнаулы мектепте мұғалім қызметінде жұмыс жасайды.

Амангелді Айталы 1950 жылы құрылған Гурьев педагогикалық институтының тарих-филология факультетін 1959-1964 жылдар аралығында бітіріп шығады. 1964-1967 жылдар аралығында С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті аспирантурасына жолдама алып, оны «Ғылыми коммунизм» мамандығы бойынша аяқтап, белгілі ғалым Мұхамбетқали Сужиковтың жетекшілігімен 1968 жылы философия ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертациясын сәтті қорғайды. Белгілі ғалым Сужиков Мұхамбетқали «Қазақстанның ауыл шаруашылығының жаңа қуатты өрлеуі үшін» (1959 ж., бірлескен авторлықта), «Жолда жарты ғасыр» (1969 ж., бірлескен авторлықта) кітаптарының авторы [2].

Амангелді Айталының «Социализм және бұқараны интернационалдық тәрбиелеу» атты монографиясы жарық көреді. 1988 жылы Мәскеу қаласында «Особенности преодоления национализма в условиях перехода к социализму народов, миновавших капитализм (из опыта Казахстана и республик Средней Азии)» тақырыбындағы философия ғылымдары докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғайды.

Ғалымның атқарған қызметі мен оның ғылымға қосқан үлесі

Амангелді Әбдірахманұлы Батыс өңіріне танымал Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің іргесін қалаушылардың бірі ретінде танымыз. Ұлттың ең қымбат басты

құндылықтарын дәріптеуге арналған «Бес анық» кітабының авторы, қоғам қайраткері, ұстаз-ғалым Мұхтар Арынмен бірге қызметтес болады. Қоғамдық ортада биік тұлғасымен, зерделі ой-жүйесімен етене еңбек еткен Амангелді Айталы 1968 жылы Ақтөбе педагогикалық институтында студент жастарға білім бере бастайды. Институт қабырғасында кафедра меңгерушісі, факультет деканы, проректор қызметтерінде жүріп жас буынға ғылым жолында жетекшілік етеді. Көрнекті ғалымдардың бір оқу қабырғасында етене еңбек етуі институттың республикадағы алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындарының біріне айналуына үлестерін қосады.

Ғылым жолындағы ғылыми ізденістері Амангелді Айталыны халықаралық деңгейдегі ғылыми ортаға әкелді.

1998-2010 жылдар аралығында кафедра жанынан ашылған «09.00.11 – Әлеуметтік философия» мамандығы бойынша шәкірттері аспирантураның күндізгі және сыртқы бөлімдерінде оқып кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғаған. Профессор Амангелді Айталының жетекшілігінде болған аспиранттары бүгінгі таңда ғылыми кандидаты дәрежесін сәтті қорғап Қазақстанның беделді ұлттық, мемлекеттік, өңірлік университеттерінде дәріс оқып жүр. Олардың қатарында бүгінде ғылым жолында өз үлестерін қосып жүрген қауымдастырылған профессор М. Бозжігітова, п.ғ.к, доцент М. Есекешова, п.ғ.к, доцент Н. Албытова, ф.ғ.к, доцент Н. Нұрғалиев, ф.ғ.к, доцент З. Абетова ұстаздық қызметін атқарып жүр.

Профессор А.Айталы өзінің «Ұлттану» атты зерттеу еңбегінде ұлтты қалыптастыру керектігін орынды атай отырып, қазіргі қазақстандық ұлттануда қазақ ұлтын асыра мақтау, «оның тарихын бірыңғай батырлық пен даналықтың үлгісі ретінде баяндау, болмаса оны тарихтың құрбаны етіп көрсету, ұлт басына түскен ауыртпалықтарды бір ғана отаршылдардың, басқыншылардың арам пиғылымен түсіндіру сияқты біржақты пікір де ұлтты тоғышарлық рухта тәрбиелейді» - деп жазады [Айталы А.Ә. Ұлттану. – Алматы : Арыс, 2000 . 7-8 бет.].

Ұл ұстазы Амангелді Айталы 1999-2004 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Парламент мәжілісі депутаты болып абыройлы қызмет атқарды. 2007 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 2010 жыл аралығында Қазақ гуманитарлық заң университетінің профессор қызметін атқарды. 2010 жылдың қыркүйегінен бастап 2022 жылдың соңына дейін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры қызметімен қоса ғылыми орталыққа жетекшілік етті.

Ғалымның ғылыми еңбектерін талдау

2010 жылдан бастап профессор Амангелді Айталы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры ретінде педагогикалық қызмет атқарды. Профессор Айталы студенттерге дәріс оқумен қатар ғылыми-зерттеулік және педагогикалық мәнге ие ғылыми-танымдық монографияларды жариялады.

Амангелді Айталының «Ұлттану», «Ұлт мұраты: депутат көзқарасы», «Байсалды ел байқаусыз қате жібермес», «Қазақтың намысы қамшыласын», «Ұлт пен дін - тәуелсіздік арқауы, Нация и религия – основы независимости», «Дін және діндарлық», «Рухани кемелдік» атты еңбектері бар.

«Ұлт мұраты: депутат көзқарасы» еңбегінде Қазақстан Республикасының Мәжілісіндегі заң жобалары төңірегіндегі өткір пікірталастар, айтыстардан туындаған ойлар, ұсыныстар мен ұсынымдар беріліп отыр. Амангелді Айталының депутаттық мінбелерде сөйлеген сөздері және бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілген мақалалары мен сұхбаттары енгізілген.

«Байсалды ел байқаусыз қате жібермес» атты еңбегінде халықтың әлеуметтік-ұлттық мәселелері, туған тілдің тағдыры және қоғамдағы өзекті мәселелер, ғалымның ой-толғаныстары мен пікірлері терең сипатталған.

Мәжіліс депутаты Амангелді Айталының «Қазақтың Арал апаты сияқты мәдени апатқа ұшыраған ұлтқа ұқсатамын» деген пікірі бар. Жалпы Батыс саясатында «ұлт» ұғымы «мемлекет» деген ұғыммен синоним. Сондықтан ұлттардың бірлігін, ынтымақтастығын алға тартуымыз керек. Батыста «ұлт» ұлтына, тіліне, дініне қарамастан, сол мемлекеттің азаматтығын алған қауымдастықты, мемлекеттілікті білдіреді. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы «Біріккен мемлекеттер ұйымы» деген сөз. Екінші жағынан «ұлт» ұғымы тегі, тілі, діні, мәдениеті, дәстүрі бар адамдар тобының қауымдастығын білдіреді де, «ұлт» бұл тұрғыда «ұлт» пен «этнос» ұғымдарымен синоним болады.

Амангелді Айталының «Қазақтың намысы қамшыласын» атты саяси-публицистикалық мақалалар мен сұхбаттары жинақталған кітабы 2009 жылы жарық көрді. Амангелді Айталының жаһандану тұсында туған ұлт тағдырына байланысты өткір мәселелерді жан-жақты саралайды. Қазақ ұлтының өткені мен бүгінін саралап, жаңа ұлттық тарихи сана қалыптастыру мәселесі туындады.

Кенес дәуірі ыдырығаннан кейін Қазақстан ұлтаралық жанжалдардың алаңы болады деп болжағандар болды. Керісінше қазақ жері ұлтаралық келісім мен тұрақтылықтың мекеніне айналды.

Мемлекетіміз басты міндеті елдегі ұлттардың рухани бірлігін нығайту, саяси келісім мен елдегі татулықты сақтады.

Профессор Амангелді Айталының 2013 жылы жарық көрген «Ұлт пен дін - тәуелсіздік арқауы, Нация и религия – основы независимости» (мақалалар мен сұхбаттар) еңбегінде ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы екі маңызды болжамдарға негізделген. Мәдени-тілдік патриотизм мен діндердің жаңаруы елдің назарын аудартты. Кітапта осы жаһандық үрдістің Қазақстандағы көріністері талданады.

Ұлт саясатын жүзеге асыру барысында тарихтың жағымды сабақтары мен жаңа құндылықтарға сүйенудің қажеттілігі зор. Өткенді түсіну, бірліктің терең тамырына бойлау тарихи сананымызды жаңартады. Қазақстандықтардың басын ортақ тарих, ортақ мемлекет, мемлекеттік тіл, ел тағдырына жауапкершілік, қоршаған ортамызды қорғау және өмірлік ұстанымдарымыз біріктіреді.

Ғалым Амангелді Айталы университет студенттеріне ұлт теориясы мен тәжірибесі жөнінен дәріс оқып, ұлт мұраттарын дәріптеді. «Ұлттану» оқулығында қарастырылған ұлт, мәдениет, ұлттық идеология, дін, тәрбие, ұлттық бірегейлік мәселелері кейінгі еңбектерінде толықтырылды. Оның бүгінгі Қазақстан қоғамындағы саяси-әлеуметтік, рухани мәселелер жөніндегі байыпты да терең зерттеулерінің нәтижелері республикалық, облыстық басылымдарда тұрақты түрде жарияланып, қоғамымызда азаматтық, ұлтаралық, дінаралық келісімнің нығаюына игі әсерін тигізіп келеді.

Амангелді Айталы өзінің байсалды мінезі, ақылы, парасаты, шешендігі, әділдігімен, көсемдігімен ерекшеленді. Оның ұлттық және ұлт мәселесінің екі жағын ажырату қажеттілігін ескертуінде үлкен мән бар. Біріншісін ұлтшілік мәселе деп қарап, оған ана тілімізді, дәстүрлі ислам дінімізді, қазақы тәрбиемізді, өнеге мәселелерін жатқызады. Екіншісі – ұлтаралық мәселе, яғни этнос пен диаспора арасындағы қарым- қатынасты көрсетті.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің қабырғасында 2017 жылы Амангелді Айталының «Дін және діндарлық» атты қазіргі әлем мен Қазақстандағы дін және діндарлық мәселелері туралы арнаулы курсы басылып шықты.

Аталған арнаулы курста діннің қоғамдық қатынастардан тәуелсіз дербес құндылық және қоғамның дінге мұқтаж екендігін негізге алады. Дін ерекше дүниетаным ретінде ұлттың ой-санасы, дәстүрімен тығыз байланыста екенін атап өтеді. Бұл еңбекте автор дәстүрлі діннің халықтың тарихи құндылықтарын қолдайтынын және ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейді деп көрсетеді.

Қазіргі заманауи уақытта адамзат баласына рухани азық азық етеді. Ұстазымның соңғы уақытта жинақталған баспасөз беттеріндегі ғылыми, ғылыми- публицистикалық мақалалары мен өзекті тақырып айналасындағы өткір сұхбаттары жинақталған «Рухани кемелдік» атты шығармасы дін мен ұлттың өзара байланысын сипаттайды.

Бұл кітапта қазіргі рухани мәдениеттің күрделі мәселелері қарастырылады. Тұлғаның рухани мұраттарын іздеу, оларды түсіну әлеуметтік прогресс үшін де, әр адам үшін де үлкен маңызға ие. Олардың рухани-адамгершілік ізденістерін кемелдік шындырына бағыттауға мүмкіндік беретін тұжырымдар жасайды. Сонымен қатар, адамның жан дүниесін дамытып қана қоймай, ұлттық болмысымызды сақтауға септігін тигізетін шығарма болып табылады.

Рухани кемел тұлға – сабырлы, терең ойлайтын, жан дүниесі бай, өзін-өзі жетілдіруге талпынатын адам ретінде сипатталады. Мұндай деңгейге білім, өмірлік тәжірибе, діни сана мен моральдық тәрбие арқылы қол жеткізуге болатыны негізделеді.

Кітапта автордың Жұбанов университетінде жүргізілген студент жастардың рухани мұраттарын қалыптастырудың ерекшеліктерін ашатын сауалнама барысында жинаған зерттеу материалдары, эксперименттік жұмыс деректері берілген.

А. Айталының «Ұлттану» тұжырымдамасының өзектілігі посткеңестік кезең мен Қазақстан контекстінде ұлттық бірегейлік мәселелерін түсіну маңызды болып отыр. Қазақстан өзінің ұлттық бірегейлігін жаһандану, көші-қон және мәдени алмасу жағдайында қалыптастырады.

Ұлттану өз ішінде тарих, этнология, әлеуметтану, мәдениеттану, философия, саясаттану, лингвистика және дінтану секілді ғылымдармен тығыз байланысты. Ол ұлттың ішкі рухани әлемін, құндылық жүйесін, ұлттық мүдде мен сананы зерттей отырып, мемлекеттің ұлттық идеологиясын қалыптастыруға ғылыми негіз ұсынады.

Ұлт мәселесі, ұлттың тұтастығы ол әрине тіліміздің, дініміздің, мәдениетіміздің, салт-дәстүріміздің беріктігінде деп ойлаймын. Неміс ғалымы Отто Бауер өзінің «Ұлт мәселесі және социал-демократия» деген еңбегінде: «Ұлт дегеніміз ортақ тағдыр, генетикалық және мәдени мұра негізінде қалыптасқан мінездің ортақтығы», - дейді.

Ұлт мәселесі де тірі ағза секілді болады. Ғалымдардың пайымдауынша ұлттың өмір жасы, даму жолдары, естелігі, әл-ауқаты мен сырқаты, тағдыры, күш қайраты, құлшынысы мен әлсіреуі,

кайта жаңаруы да болады. Ұлттың ең басты қуаты – оның ішкі бірлігі. Ұлттық намыс – ең басты капитал.

Жастарды ұлт жаңашыры болатындай тәрбиелеу үшін ұлттық, рухани, мәдени бағдарламалардың болуы маңызды болып табылады. Осы мақсатта жазылған профессор Амангелді Айталының «Ұлттану» оқулығы жоғары оқу орындарының бағдарламаларына енгізіледі деп үміттенемін. Ғалымның пайымдауынша қазақ ұлтына өз намысын қорғайтын заман туды. Қазақ ұлтын, қазақ тілін сыйлайтын қауым заң жобасына үлкен түсіністікпен қарайды деп сенемін. Қазақ қолдамай заң өзінен-өзі жүзеге аспайды [2, 15 б.].

Ғылым жолындағы мол тәжірибесі мен қоғамдағы саяси-әлеуметтік мәселелерді толыққанды түсінген халық қалаулысы Амангелді Айталы Парламенттаризмнің қалыптасуына үлес қосты. Ол заң шығарушы органның жұмысын былайша бағалап еді: «Қазақстан парламентаризмінің дамуы тың және тыңайған жерлерді игеру емес, бұл – коммунистік диктатураның бульдозерімен қалың асфальт құйып, ауыр катокпен тегістеп тастаған топырағынан пайда болып келе жатқан парламентаризм». Бұл мәселелер қоғам және мемлекет қайраткері Амангелді Айталының «Қазақстандық демократия ұлттық мұратты жақтайма, әлде астамшылықты сақтайма?», «Демократия – халық таңдауы», «Біздегі билік халықпен санаспайтын болып жүр» атты мақалаларында ашық айтылған [3].

2019 жылы «Хабар» телеарнасы мемлекет және қоғам қайраткері Амангелді Айталының түйінді ойлары мен парасатты пайымдарын бағалай отыра абыз туралы «Қазақты намысы қамшыласын» атты фильм түсірді [4].

Әр адамның өмір жолында тұлға болып қалыптасуы үшін оған әсер ететін жоғары ғылыми-мәдени орта мен парасатты адамдар болады. Тағдыр бізге ұлт жаңашыры, мемлекеттік құрылыстың негізгі мәселелеріне елеулі үлес қосқан қайраткер, адал адамның үлгісі бола білген философия ғылымдарының докторы, профессор Айталы Амангелді Әбдірахманұлының жарқын бейнесін қалдырды.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі:

1. Амангельды Айталы: «В лучшем случае я – преподаватель философии» <https://avestnik.kz/amangeldy-ajtaly-v-luchshem-sluchae-ya-prepodavatel-filosofii/>
2. Амангелді Айталы. Қазақты намысы қамшыласын. – Алматы: Арыс, 2009. – 15 б.
3. Архив пополнился новыми документами личного происхождения 11.05.2022. <https://archive.president.kz/ru/news/arkhiv-popolnilsya-novymi-dokumentami-lichnogo-proiskhozhdeniya/>
4. «Қазақты намысы қамшыласын» деректі фильмі /Амангелді Айталы/ Khabar TANYM /<https://www.youtube.com/@KhabarTANYM/>
5. «Ұлттану» еңбегінің маңызы: [aqiqat.kazgazeta.kz] (<https://aqiqat.kazgazeta.kz>).
6. Айталы. А. Ұлы арман / Мәдени мұра/ - 2013. - № 3 (48).
7. Егемен Қазақстан/ Айтары мол Айталы еді... 5.12.2023. <https://egemen.kz/article/354039-aytary-mol-aytaly-edi/>
8. Амангелді Айталы. Рухани кемелдік. –Ақтөбе: 2019. –17 б.

УДК 008.574

ТРАДИЦИИ МУДРОСТИ В МАГИЧЕСКИХ РИТУАЛАХ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Жармакина Фарид Мухтаровна

Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А.Букетова,
кандидат философских наук, ассоциированный профессор кафедры философии и теории культуры,
Караганда, Казахстан

Дж. Фрейзер в книге «Золотая ветвь» объясняет магию следующим образом: «Магическое мышление основано на двух принципах. Первый из них гласит: подобное производится подобным или следствие похоже на свою причину. Согласно второму принципу, вещи, которые раз пришли в соприкосновение друг с другом, продолжают взаимодействовать на расстоянии после прекращения прямого контакта». [1, с.19] Первый вид магии можно определить как побудительную магию, согласно которой можно добиться желаемого реального результата путем простого подражания ему, просто имитируя желаемое действие в соответствующем ритуальном поведении. Второй вид магии